

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІІ.- Б. 122-124.

ӘОЖ 91

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Сағит Ж., 2 курс магистранты
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Ғылыми жетекшісі: г. г. к., доцент Токбергенова А. А.
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы*

Қазіргі уақытта республикамыздың қалалары мен облыстарының дамуы дербестікке ие болуда. Әр жеке аумақтың нақты жағдайларын ескере отырып, іске асырылатын жаңа салаларды құру қажеттілігі туындайды. Әрбір аймақ немесе қала бар әлеуеттерін сақтауға және арттыруға мүдделі. Сондықтан экономикалық өсудің аймақтық драйверлерін қалыптастыру үшін елдің қалалары мен аймақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын кешенді талдау және бағалау қажеттілігі туындайды.

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер ететін әлеуметтік саланы, әлеуметтік теңсіздік мәселелерін шешу, әлеуметтік стандартты, әлеуметтік қамсыздандыруды дамыту, жұмыспен қамтуды және еңбек саясатын қамтамасыз ету үшін жағдайларды қамтамасыз ету қажет.

Әлем қалаларының жалпы жүйесіне одан әрі интеграциялану саясатын қалыптастыру үшін қажетті Қазақстан қалаларының дамуын егжей-тегжейлі зерделеу мәселесі аз зерттелген. БҰҰ Даму бағдарламасының баяндамасында Орталық Азия елдеріндегі урбандалу саясатын жетілдіру жөніндегі идеялар, ұсынымдар мен ұсыныстар тұжырымдалған. Олар дамудың ағымдағы басымдықтары мен ұзақ мерзімді сын-тегеуріндерді, сондай-ақ өсу полюстері рөлін атқаратын өнімді, тұрақты және инклюзивті қалалар құру қажеттігін ескереді.

Қаланың дамуын зерттеу жұмыстарына ресейлік ғалым В.С. Занадворовтың зерттеулері кіреді. Ол өз жұмысында қала экономикасының теориялық аспектілеріне назар аударды. Қаланың экономикалық кеңістігінің морфологиясының классикалық мәселелеріне көп көңіл бөлді [1].

Батыс ғалымдары «жаңа кеңістіктік экономиканың» сипатын анықтайтын экономикалық дамудың жаңартылған тұжырымдамасына көп көңіл бөлді. Ғалымдардың зерттеулері қала теориясының тұжырымдамалық негіздерін, негізгі ұғымдарды қозғайды. Урбанизацияланған аумақтардың мөлшері мен құрылымын өзгертуінің заманауи тенденциялары ұсынылған [2, 3, 4].

Қалалар мен кеңістіктік аумақтарды зерттеудегі ең маңыздысы-олардың әлеуметтік-экономикалық дамуы. Қазақстанда Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін кешенді бағалау, экономикалық өсудің қолда бар ішкі көздері мен резервтерін пайдалана отырып, ҚР Үкіметі мен мемлекеттік органдары қабылдайтын әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыруға бағытталған ағымдағы және перспективалық кезеңдердегі өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешу мүмкіндігін айқындау мақсатында жүргізіледі [5].

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы қоғамның қажеттіліктерімен және әлемдік даму үрдісімен анықталады. Мұндай даму макроэкономикалық көрсеткіштер мен қоғамдық үрдістердің жиынтығы ретінде қарастырылады.

Қазіргі уақытта өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың негізгі мақсаты халықтың өмір сүру сапасын жақсарту болып табылады. Осыған байланысты әлеуметтік - экономикалық даму процесі үш маңызды компонентті қамтиды:

1. Халықтың табысының өсуі, денсаулығының жақсаруы және білім деңгейінің жоғарылауы.

2. Адамдардың, оның ішінде олардың экономикалық еркіндігінің дәрежесін арттыру.

3. Адамның қадір-қасиетін құрметтеуге бағытталған әлеуметтік, саяси, экономикалық және институционалдық жүйелерді қалыптастыру нәтижесінде адамдардың өзін-өзі бағалауының өсуіне ықпал ететін жағдайлар жасау.

Өмір сапасының соңғы екі құрамдас бөлігі елдер мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесін бағалау кезінде әрдайым ескеріле бермейді, бірақ соңғы уақытта экономикалық ғылым мен саяси практикада олармен бірге қарастырылады.

Бұл ретте, Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасап, аса маңызды көрсеткіштерді қарастыруға тырыстым. Талдау үшін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы деректері алынды. Болашақ жұмыстарда қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей немесе жанама әсер ететін басқа да көрсеткіштерді зерттеу жоспарлануда.

Алматы қаласының жалпы ауданы 682 шаршы шақырымды құрайды. Әкімшілік жағынан Алматы сегіз ауданға бөлінген: Алатау, Алмалы, Әуезов, Бостандық, Жетісу, Медеу, Түрксіб және Наурызбай.

Алматының ірі демографиялық және еңбек әлеуеті бар. Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2022 жылдың соңында халық саны 2 161 мың адамды құрады. Алматы еліміздегі ең ірі іскерлік және кәсіпкерлік қызмет орталығы.

Алматы халқының саны тұрақты өсуде. Халықтың айтарлықтай өсуіне үш негізгі фактор ықпал етті: қалаға жаңа аумақтардың қосылуы, халықтың табиғи өсуі және оң көші-қон ағындары.

Соңғы жылдары көші – қон есебінен халықтың өсуі шамамен 60% - ды, табиғи өсім есебінен- 40%-ды құрады. 2012-2021 жылдар аралығында Алматыда тұрақты тұруға 600 мыңға жуық адам келді, ал оның шегінен 315 мыңға жуық адам шықты, көші-қонның оң сальдосы 285 мыңға жуық адамды құрады.

Алматының қоғамдық және іскерлік ортасының сапасы, ақпараттық даму мен білім экономикасының жаңа бағыттарында өсу үшін жағдай жасайды. Еліміздің жоғары оқу орындарының үштен бірі орналасқан білім қаласы, онда 255 мың студент оқиды.

Алматы қаласы еліміздің ең ірі қаласы, республикалық бюджеттің доноры болып табылады және ұзақ уақыт бойы ЖӨӨ көлемі бойынша елдің басқа өңірлері арасында көшбасшы орынға ие.

Экономикалық белсенді халықтың жұмыспен қамтылу деңгейі 94,9% - ға жетті. Жұмыссыздар саны 52,9 мың адамды құрап, жұмыссыздық деңгейі 5,1%-ды көрсетті. Ұзақ мерзімді жұмыссыздықтың деңгейі 1,6 %. Жұмыссыз халықтың негізгі үлесі 29-34 жас аралығындағылар екендігін атап өткен жөн, олардың үлес салмағы 30%.

Жұмыспен қамтылғандардан 868,1 мың адам немесе 88,6% жалдамалы қызметкерлер, 107,2 мың адам немесе 10,9% - дара кәсіпкерлер, 0,7 мың адам немесе 0,1% - жеке практикамен айналысатын адамдар, 2,1 мың адам немесе 0,2% - тәуелсіз жұмыскерлер құрады.

Жұмыспен қамтылғандардың құрылымында негізгі үлес- 29 %- 35-44 жастағы адамдар; 19% – 29-34 жас; 18% – 44-54 жас.

2021 жылдың қорытындысы бойынша орташа айлық жалақы 292 947 теңгені құрады. 2020 жылмен салыстырғанда жалақы индексі 13,1%-ға жоғары, халықтың нақты ақшалай табыстары аталған кезеңде 10%-ға өсті [6].

Жұмыспен қамтылған халықтың негізгі үлес салмағы: білім беру (9,5%), кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет (6,5%), көтерме және бөлшек сауда (25%), құрылыс (7,2%), өнеркәсіп (8,5%). Аталған 5 салада халықтың шамамен 56% - ы жұмыспен қамтылған. Бұл жерде құрылыс және қызмет көрсету саласында көлеңкелі жұмыспен қамту деңгейі жоғары болатынын атап өткен жөн.

Экономикада 52% - дан астамын орта және шағын кәсіпкерлік иеленеді, онда 10 алматылықтың алтауы жұмыс істейді, қаланың жұмыс істейтін халқының 66% - дан астамының жоғары білімі бар, осылайша Алматы адам капиталының интеграторы.

Қала бүгінде еліміздің экономикалық орталығына айналды. Мұнда бизнес белсенділігі жоғары. Бүгінде Алматы еліміздің дамуына елеулі үлес қосуда.

Алматы қаласының 2025 жылға дейінгі дамыту бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалары» бағдарламасында 7 басым стратегиялық бағыттары атап өтілген: жайлы қала, тұрақты экономикалық даму, басқарылатын урбанизация, әлеуметтік тұрақтылық, жасыл Алматы, самрт сити, қауіпсіз қала.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Занадворов В. С., Ильина И. П. Теория экономики города [Текст]: учеб. пособие.– М.: Изд. дом ВШЭ, 1999. – 174 с.
- 2 Courlet C. The Territorial Economics [Text]: Grenoble: PUG. – 2008. – № 1. – P. 135-137 (In French)
- 3 Courlet, Pecqueur B. The Territorial Economics [Text]: Grenoble: PUG. – 2013. – 142-143 p. (In French).
- 4 Clark, Greg, Tim Moonen Europe’s Cities in a Global Economy: Trends, Challenges and Opportunities [Text]/ London: Global Cities Initiative and Centre for London.– 2013. – 162 p.
- 5 Алашбаева А., Ахметжанова С. Новые методы оценки социально-экономического развития регионов Республики Казахстан [Текст] / Экономика и статистика. – 2013. – № 3. – С. 20-24.
- 6 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [Электронды ресурс]. – URL: <http://stat.gov.kz> (жүгіну мерзімі: 02.2023)